

27.02.2024 № V00042

XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫ

ТАРАХАНОВА КАМКА БЕКМУРАДОВНА

Түркістан облысы, Түлкібас ауданы,
Т.Рысқұлов атындағы жалпы білім беретін мектебінің
Тарих пәнінің мұғалімі

Сабақтың тақырыбы:	XX ғасырдың екінші жартысындағы білім беру жүйесінің дамуы. Зерттеу сұрағы: Кеңестік білім беру саласындағы реформалар қандай мақсат көздеді?			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	9.2.3.2 білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясатқа баға беру			
Сабақтың мақсаты	Соғыстан кейінгі жылдары білім беру жүйесінің ерекшеліктеріне талдау жасайды; Мемлекеттің білім және ғылым саласындағы саясатына баға береді.			
Құндылықтар	Ұлттық мүдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету; Талап: технологиялық және цифрлық; Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстау;			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдас тыру Өзін-өзі тексеру 5 минут	Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу, назарларын сабаққа аудару. Тақырыпты зерделеу мақсатында оқушыларды БЕЙДЖ әдісі арқылы 4	Сәлемдеседі. Топтарға бөлінеді.	Сабақтың барысында қалыптас тырушы бағалау Мұғалімнің кері байланысы	Слайд 1,2

Өткен білімді еске түсіру 5 минут	топқа біріктіріледі. I топ- жеті жылдық білім II топ- сегіз жылдық білім III топ- он жылдық білім IV топ- орта мектеп Үй тапсырмасын тексеру «Келісемін, келіспеймін» әдісін пайдаланып, оқушылар үй тапсырмасына байланысты сұрақтарға жауап береді. 1.1979 жылы Қазақ КСР тұрғындарының орташа жасы 28,5 2. Бала туудың жалпы коэффициенті негізінен қала тұрғындарының есебінен артты. 3. 1955-1956 және 1962 жылдары қазақтар Украинадан көптеп қайта оралды. (Қытайдан) 4. 1970 жылы Қазақстан халқының ұлттық құрамының 42,5% —н немістер құрады. 5. 1970-1990 жылдары Қазақстан халқы Ресей, Беларусь, Украинаға қоныс аударды. 6. 1980 жылдардың басына дейін облысаралық көші-қон солтүстіктен және солтүстік- шығыстан оңтүстікке қарай бағыт алды.	Сұрақтарға жылдам жауап береді. Өз болжамда рын айтып, талқылау жүргізеді.	арқылы жүріп отырады. Бағалау парағы 1-3 1 бб 4-6 2 бб 7-8 3 бб	
--	---	--	---	--

	7. 1980 жылдардың соңына қарай Алматы облысы халқы солтүстікке көшті. 8. 1959-1969 жылдарда Қазақстандағы барлық халық өсімінің 20%-ы сырттан келген адамдардың есебінен болды. Сабақтың мақсаты мен критерийлері таныстырылады. «Ой шақыру» айдары бойынша суреттер арқылы қазіргі кездегі өздері оқып жүрген білім жүйесін кеңестік дәуірдегі білім жүйесімен салыстырып, айырмашылықтарын анықтайды және осы арқылы жаңа сабақтың тақырыбына шығады. Суреттерде не көріп отырсыздар? Не ерекше болды? Тақырыпты болжап көріңіз... Болжамдарын негіздейді. Оқушылар жауаптары тыңдалып болған соң, осы сабақта басты зерттелетін мәселеге ойларын шоғырландыруға назар аударылады.			 
--	---	--	--	--

Жаңа білім	«Барлаушылар» әдісі	Дескриптор	ҚБ	Слайд 3,4,5
12 минут	Видеоролик көру арқылы талдау жүргізу - Топ мүшелерінің рөлдерін анықтау 1. Мектепке дейінгі білім беру жүйесі туралы не білесің? 2. Кеңестік мектептерде қандай жүйе болды? 3. Мектептен кейінгі білім беру саласы жайлы не білесің? 4. Кеңестік білім беру саласының кемшіліктері мен артықшылықтарын білесің бе?	- Білім беру саласындағы өзгерістерді сипаттайды. - Білім беру жүйесінің басты артықшылықтары мен кемшіліктері н түсіндіреді.	Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады	Видеоролик
3 минут			«Ең үздік жауап»	
8 минут	«Екі жақты түсіндірме күнделігі» бойынша Кеңестік білім беру жүйесінің оң және теріс жақтарын дәптерге жазады. Топтық жұмыс. «Жас зерттеуші» әдісі бойынша қазіргі таңдағы білім жүйесін кеңестік дәуірдегі білім жүйесімен салыстырып, 3 айырмашылығын анықта!		Бағалау парағы ҚБ «Өзін – өзі» бағалау	Слайд 6,7,8

Бекіту 5 минут	Сабақты қорытындылау «Егер де мен...» жаттығуы	Сабақтың тақырыбын қорытындылау	Мадақтау	Слайд 10,11,12
3 минут	Егер де мен Білім министрі болсам не өзгертер едім! Ой қорыту Мемлекеттің білім және ғылым саласындағы саясатына қандай баға бересіз?			
Үйге тапсырма 2 минут	XX ғасырдың екінші жартысындағы білім беру жүйесінің дамуы Кесте толтыру. 64 бет			
Кері байланыс 2 минут	Кері байланыс– «Білім-ғылым» әдісі «11 жылдық білім» -сабақ ұнады, толық түсіндім. «8 жылдық білім» -сабақ ұнады, 1-2 сұрағым бар. «7 жылдық білім» - қиналдым, сұрағым көп.	Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады	Оқушылар бағалау критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды	Стикер

27.02.2024 № V00043

Асан қайғы «Еділ бол да, Жайық бол» толғауы

КАРАТАЕВА КАМИЛА ДУКЕНБАЕВНА

Жамбыл облысы, Қаратау қаласы Талас ауданы

№4 "Үміт" арнайы - мектеп интернаты

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Сабақтың тақырыбы		Асан қайғы «Еділ бол да, Жайық бол» толғауы		
Сабақтың жалпы мақсаты		Жырау өмірінен мәлімет алады, «Еділ бол да, Жайық бол» толғауымен танысып, толғау туралы түсініктерін кеңейтеді.		
Күтілетін нәтижесі		А) Қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. В) Топтық жұмысты бірлесе орындайды. Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды. С) Қосымша тапсырмаларды орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады. Шығармашылық ізденіс, сөз өнерін арттырады, поэзияны түсініп, сырына үңіледі. Оқушылар бірін-бірі сыйлайды, тыңдайды.		
Әдіс- тәсілдер		«Миға шабуыл», СТО әдісі, топтық жұмыс, жеке жұмыс		
№	Уақыт	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Ресурстар Бағалау
1	1 мин	Сыныпта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру	«Шаттық шеңбері» Орнымыздан тұрайық, Алақанды соғайық. Күннің нұрын алайық, Таза ауаны жұтайық. Жүрекке жылу салайық, Мейірімділік шоғын алайық, Жиналған жылы шуақты,	

			Қонақтарға шашайық.	
2	2 мин	Топқа бөлу 1 топ: Жыршылар 2 топ: Жыраулар	Оқушылар топқа бөлінеді.	
3	3 мин	Үй тапсырмасын сұрау 1. Жыраудың жыршыдан қандай айырмашылығы бар? 2. Қандай жырауларды білесіңдер? 3. Жыраулық дәстүрдің бір белгісі - толғау. Толғау қандай сипаттағы шығарма?	Сұраққа дұрыс жауап берген оқушы топ басшысы болып тағайындалады	Кеспе қағаздар. Жырау- өз жанынан шығарып айтатын және эпикалық дастандар мен толғауларды орындайтын халық поэзиясының өкілі. Олар өз заманының нағыз халық жанашырлары болған. Жыршылар мирас болып жеткен өлең, жыр, қисса, толғау дастандарды орындаушы. Жыршылар домбыраның не қобыздың сүйемелдеуімен мақаммен, әнмен айтады. Толғау – әдебиетте өзіндік ерекшелігімен көзге түсіп, көне дәуірлерде туып қалыптасқан поэзиялық шығарманың бір түрі.

				Толғау қазақтың «жыр толғау», «толғап айту» деген сөзінен алынып, әдебиетте жеке термин ретінде кейінгі кеңестік дәуірде ғана қалыптасты.
5	5 мин	Жаңа сабақ I. Білу «Миға шабуыл » 1. Асан қайғы деген кім? 2. Өмір сүрген кезеңі. 3. Асан қайғының қандай толғауларын білесіндер? 4. Асан қайғының арманы не еді? 5. «Жиһангез жырау» деп аталу себебі неде?	Жеке жұмыс Оқушылар сұрақтарға жауап береді. Постер қорғайды. I топ. Асанқайғының өмірі II топ. Асанқайғының толғаулары, күйі .	слайд. Толғаулары: «Таза мінсіз асыл сөз», «Құйрығы жоқ, жалы жоқ», «Әй, хан, мен айтпасам білмейсің», «Қырында киік жайлаған», «Көлде жүрген қоңыр қаз». 4. Асанқайғының арманы халыққа жайлы қоныс іздеу. Күйлері: «Ел айрылған», «Асан қайғы», «Желмаяның жүрісі», «Зар», т.б. Арманы: Асан Қайғы елінің сулы-нулы, шөбі шүйгін, құтты қоныс тауып, «адамы жүзге келмей өлмейтін,

				қойы екі төлдейтін» мамыражай, еркін өмір сүруін аңсады. Бұл мұратын жырау «Жерұйық» деп атады. Алты атанға жүк артып, алты жыл жайлы қоныс қарап, қазақ жерін түгел шолып шығады, <u>әр қоныс</u> , мекенге байыпты сын, баға беріп отырады. Кесенесі орналасқан жері: Қызылорда облысы Шиелі ауданында «Жеті әулие» қорымы
6	10 мин	II. Мағынаны тану 1-топ. Мәнерлеп оқу 2- топ. Тақырыбын ашып, идеясын табу. <i>Сергіту жаттығуы:</i> «Жұдырықтар» деп аталады. Жаттығу отырып орындалады. Қолды тізеге қойып, аяқтарымызды сәл ғана алшақ ұстаймыз. Қолдарымызды жұдырыққа түйіп, бірнеше секунд ұстап, содан соң босатып, қолымызды тіземізге қоямыз. Жұдырығыңды алақанға жұм, Жұдырығыңмен тарсылдат. Қазір қыздар мен балалар, Демалады саусақтар.	Толғауды мәнерлеп оқып, тақырыбы мен идеясын ашады. Аудиодан Асанқайғының «Еділ бол да, Жайық бол » толғауын тыңдату.	Кластер Түсті маркерлер. Аудиодан «Желмаяның жүрісі» толғауын тыңдату.

7	5 мин	III. Талдау 1 топ. Өлең құрылысына талдау 2 топ. <i>Тақырыбын ашу. Идеясын табу</i> IV. Асан қайғы толғауларындағы афоризм сөздер	2 топтың лидерлері 2 түрлі проблемалық сұрақтарға плакатқа жауап жазады	сурет Толғаудағы жалқы есімдер: Еділ, Жайық. Сөз тіркестері: ердің құны, мінезі жаман адам, тәуір көрер кісі, өлетұғын тай, көшетұғын сай. Болымсыз егістіктер: ұрыспа, қуыспа, жуыспа, суыспа, Көркем тіл түрлері: ашу- дұшпан(метафора)
9	5 мин	V. Жинақтау 1. Өлеңдегі негізгі ойды бір сөйлеммен жазыңыздар. 2. Өлеңнен келешекте қажет болатын қандай маңызды қорытынды шығаруға болады? 3. Толғау бойынша өз пікірлеріңізді айтыңыз.	Әр топ берліген тапсырманы топтастырады	Дәптермен жұмыс
10	5 мин	VII. <i>Рефлексия.</i> Сабақ соңында оқушылар жазбаша сұрақтарға жауап береді. 1. <i>Бүгін мен _____ білдім.</i> 2. <i>Маған қызық болды. _____</i> 3. <i>Маған қиын болды. _____</i> 4. <i>Мен үйрендім. _____</i> 5. <i>Сабақ _____</i>	Әр топ өзіне берілген тапсырмамен қорытындылайды.	Плакат Стикер
11	2 мин	Бағалау Критериалды бағалау	Әр топ өздерінің топ мүшелерін бағалайды.	Бағалау критерийлері жазылған

			Қорытынды бағаны айтады	плакаттар
12	1 мин	Үйге тапсырма “Еділ бол да, Жайық бол” (жаттау)		

02.03.2024 № V00045

Қырғыз (Қазақ) АКСР-нің аумағы

КУШМУХАНОВА ГУЛНАР АЯПҚЫЗЫ

*Атырау қаласы Жамбыл атындағы орта мектептің
тарих пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы*

Білім беру ұйымының атауы				
Пәні:		Қазақстан тарихы		
Бөлім:		Қазақстанда кеңестік биліктің орнығуы		
Педагогтің аты-жөні:				
Күні:				
Сынып: 8		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		Қырғыз (Қазақ) АКСР-нің аумағы Зерттеу сұрағы: Қазақ Автономиялық Кеңестік Республикасы құрылуының тарихи маңызы неде?		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:		8.3.1.6 Қазақстанда құрылған ұлттық автономиялардың маңыздылығына баға беру; 8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау.		
Сабақтың мақсаты		Қазақ АКСР аумағының қалыптасуын анықтау. Орта Азия республикаларының ұлттық мемлекеттік шегараларын межелеу. Жетісу және Сырдария облыстарының ҚАКСР құрамына кіруін анықтайды		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі//уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Баға лау	Ресурстар
Ұйымдастыру Өзін-өзі тексеру Өткен білімді еске түсіру	Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылармен сәлемдесу, Жағымды ахуал ұйымдастыру, оқушылар шаттық шеңберге жиналып бүгінгі сабағымыз жақсы өтуіне арнап жақсы тілектер айтылады. Топқа және жұпқа бөлу. Фонарик әдісімен. Үй тапсырмасын сұрау: Kahoot әдісі арқылы үй тапсырмасын пысықтау.	Оқушылар өз ойларын ортаға салады. Оқушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқ	Мадақтау 	Тақырыптық суреттер

		а көшу		
Жаңа білім	Жаңа сабақ: Жаңа сабақты бастамас бұрын, Стоп кадр әдісі арқылы тақырыпқа шығу. Жаңа сабақ бойынша интерактивті тақтада видеоролик көрсетемін. Мәтінмен жұмыс I Тапсырма: I топ 1920 жылғы Қырғыз Қазақ АКСР-нің аумағының қалыптасуы.93-94 бет II топ Жетісу және сырдария облыстарының ҚАКСР құрамына енуі.95-97 бет II тапсырма. Картамен жұмыс. Оқушылардың алдына кескін карта беріледі, кескін картаға облыстармен қалаларды белгілейді I топ Қазақ АКСР құрамына енген 4 облысты картаға белгілейді. II топ Жетісу және Сырдария облысына енген уездерді картаға белгілейді.	Мәтінмен жұмыс Мәтіннен негізгі идеяны анықтап, постер қорғайды. Дескриптор 1.Қазақ АКСР аумағын анықтай алады. 2.Қазақ АКСР-нің территориясын анықтап картадан көрсете алады.	ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп оқушылардың медальдармен бағалау әр дұрыс жауапқа 1 медаль беріліп отырады.	Интерактивті тақта Видеоролик Оқулық Маркерлер, Плакаттар Сурет



3



	сұрақтар беріліп, жұмыстарын өзара бағалайды. 1920 жылы 2 қыркүйекте қай қала ҚАКСР астанасы болып жарияланды? Орынбор Нешенші жылы тамызда Қазақ автономиясының аумағы белгіленді? 1920ж 26тамызда Жетісу облысына қандай уездер кірді? Алматы, Жаркент, Лепсі, Талдықорған. Сырдария облысына қандай уездер кірді? Қазалы, Ақмешіт, Түркістан, Шымкент ҚАКСР құрамында Қандай автономиялық облыс құрылды? Қарақалпақ 1937 жылы наурыз айында Алматыда қандай съезд өтті? Қазақстан кеңестерінің Төтенше Съезі.			Карта Сурет Интерактивті тақта
Бекіту	Сабакты қорытындылау Фри әдісі. Қазақ Автономиялық Кеңестік Республикасы құрылуының тарихи маңызы неде? Межеллеу дегеніміз не? Сырдария облысына қандай уездер кірді? Нешенші жылы Түркістанды ұлттық межеллеу аяқталды? Қазақ КСР Конституциясы нешенші жылы қай жерде құрылды? Үйге тапсырма			Ақпараттық карточка

	Қырғыз (Қазақ) АКСР-нің аумағы туралы қосымша мәлімет пайдалана отырып реферат жазып келу. Қолмен 5 бет.			
Кері байланыс	Торт әдісін пайдаланып кері байланысқа шығамыз. 1. Маған қызықты болды..... 2. Маған қиын болғаны..... 3. Менің қосарым..... 4. Маған түсініксіз болды..... 5. Бүгінгі сабағымыздың мақсатына жеттік пе?	Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады	Оқушылар бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды	
Рефлексия	Бүгінгі сабағымызды Бәйтерек пен аяқтағым келеді. Себебі Бәйтерек елордамыздың символы, Биік тамыры терең орналасқан ағаш болып табылады..Тәуелсіздікке жету үшін талай уақыт кеткенін біз жақсы білеміз, осы тамыры терең бәйтерек ағашы сияқты тамырымыз тереңге жайылған қазақ халқы болып тарихымыз тереңге жайылсын дегім келеді. Оқушылар бүгінгі сабақ бойынша өз ойларын жапырақтарға жазып бәйтерекке жабыстырады.	Оқушылар өздерінің ойларын анық жазып ұстазға тілектерін білдіреді.		

03.03.2024 № V00053

Тіктөртбұрыштың ауданы

СҮГІРОВА ҰЛМЕКЕН ӘДІЛБЕКҚЫЗЫ

*Атырау облысы, Атырау қаласы Жаңаталап ауылы
Жамбыл атындағы орта мектебінің
математика пән мұғалімі*

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Аудан	Мектеп:
Педагогтің аты-жөні:	
Күні:	
Сыныбы: 8	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Тіктөртбұрыштың ауданы
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	8.1.3.9көпбұрыш ауданының анықтамасы мен қасиеттерін білу; 8.1.3.10тең шамалас және тең құрамдас фигуралардың анықтамаларын білу;
Сабақтың мақсаты:	Тақырып аясында берілген есептерді шығара алады, яғни теориялық алған білімін практикада қолдана алады. Фигуралардың ауданын табу формулаларын есептер шығаруда қолдана алады
Бағалау критерийлері	- Оқушылар осы тақырып бойынша білу, түсіну, талдау, қолдану, анализ, синтез - ойлау дағдыларын қалыптастыруы тиіс. - Фигуралардың ауданын табу формулаларын есептер шығаруда қолдана алады

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы Қызығушылықты	Ұйымдастыру: -Оқушылармен амандасу, сынып оқушыларын түгелдеу. Топқа бөлу:	Шаттық шеңберін құрып «Өзіңе тілегенді, өзгеге тіле»! әдісі арқылы бір-біріне тілек	Мұғалім ұйымдастыру кезеңінде белсенділік	Түрлі түсті қима қағаздар

ояту. Ұжым дық жұмыс.	Оқушылар бұрыш, радиан, градус деген сөздер жазылған түрлі түсті қима қағаздар тандау арқылы топтарға бөлініп отырады; І топ: ІІ топ: Топтар топ ережесін сақтайды, өз қалаулары бойынша топ ішінен топ басшы сайлайды, топ басшы топ мүшелерінің сабаққа белсенді қатысуын қадағалайды. Үй тапсырмасын тексеру: Тақтада тапсырма дұрыс жауабымен көрсетіліп тұрады.	айтып, жақсы көңіл күй сыйлайды. Мақсаты: Оқушылар бойында идея немесе тілек білдіру, тыңдау дағдыларын дамытуға бағыттау, сондай-ақ барлық оқушыларды қатыстыру арқылы оқыту жағдайларын теңестіру. Тиімділігі: Оқушыны бір-біріне тілек айту арқылы жақындастырады, көңіл -күйін көтереді, бауырмалдығын оятады. «Мен саған, сен маған» арқылы оқушылар бір-бірінің үй тапсырмасын тексереді.	танытқан оқушыларды «Мадақтау сөз» әдісі арқылы бағалайды: «Жарайсың! Жақсы! Өте жақсы! Талпын!»	
Миға шабуыл. «Ой қозғау» әдісі. Ұжымдық жұмыс. 5 мин. “Бір минут” әдісі	Бір ерігіп отырған бай Алдаркөсені мазақ ету үшін үйіне қонаққа шақырыпты. Тамақ ішіп болған соң, бай жұрт көзінше: «Алдаркөсе, сені жұрт «жақсы есеп біледі» деп жүр. Менің жасым 26-да. Ал ұлым 6 жаста. Мен неше жылдан кейін ұлымнан үш есе жас үлкен боламын? Жауабы: 4 жылдан кейін.	Оқушылар сұрақтарға жауап береді Мақсаты: Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлауды дамыту. Тиімділігі: Оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен	Дескриптор: -1-ші сұраққа жауап береді. 1-балл -2-ші сұраққа жауап береді .1-балл -3-ші сұраққа жауап береді. 1-балл Бағалау	Сұрақтар топтама сы. Оқулық 8-сынып.

	“Бір минут” әдісі арқылы өткен тақырыпты еске түсу.(Әр топтағы оқушылар тақырып бойынша кезегімен бір минут тоқтаусыз, қатесіз сөйлейді) Саралау: Бұл жерде саралаудың «Диалог және қолдау көрсету» тәсілі қолданылады. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға қосымша ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға қосымша жетелеуші сұрақтар қойылады.	байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.	Әрбір дұрыс жауапқа 1 балл қойылады Сонымен қатар, өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген <u>мадақтау сөзімен</u> ынталандыру.	
Сабақтың ортасы 10 мин. Жеке жұмыс.	«Топтық әңгіме» әдісі «Ребус шешу». Ашу  Саралау: Бұл тапсырмада саралаудың «Қарқын» тәсілі көрініс	Түсінбеген тапсырмаларды бір-біріне түсіндіреді. Топтар келесі топтың тапсырмасын алмасып тексереді. Берілген тапсырма бойынша өз ойларын ортаға салып, пікірлерін білдіріп, топтық талдау жасайды. Талқылау нәтижесінде өзара бір келісімге келіп кестені толтырады.	Дескриптор: -Тік төрт-бұрышта неше шаршы барын тұжырымдады; -Неше қатар бар? Неше баған барын анықтады; 1-балл 1-балл Бағалау: Әрбір дұрыс жауапқа 1 балл	8 сынып, Алгебра Шыныбеков «Атамұра» 2019 Кесте

	табады. Ерекше білімді қажет ететін оқушыларға көмек көрсету.		қойылады	
Жеке жұмыс. 10 мин.	67. 1 кг, 2 кг, 3 кг, ..., 53 кг, 54 кг, 55 кг ғиртастарын салмақта болатын бес үйіндіге бөл. Шешімі: $27 \cdot 56 = 1540$ $1540 : 5 = 308$кг (5 үйінді) 68. 555555 сана 3 пен 5-ке бөлінеді ме? Шешімі: бөлінеді, себебі: 1) 5-ке аяқталады - 5-ке бөлінеді, 2) цифрларының қосындысы 3-ке бөлінеді - 3-ке бөлінеді Тиімділігі: Оқылым мен айтылым дағдысы қалыптасады. Саралау: Бұл тапсырмада саралаудың «Диалог және қолдау көрсету» тәсілі көрініс табады.	Берілген тапсырма бойынша есепті орындайды	Дескриптор: -Формулань жазады 1-балл -Тік төрт-бұрыштың ауданын табады; 1-балл Әрбір дұрыс жауапқа 1 балл қойылады	8-сынып оқулығы. Шыныбеков «Атамұра» 2019
Жеке жұмыс. 7 мин. Жазылым	3.5. Ауданы: 16 см² шаршы берілген. Оның ауданы 1) км²; 2) дм²; 3) м² арқылы өрнентер. 3.6. Тіктөртбұрыштың қабырғалары a және b, ал ауданы S арқылы белгіленген. Төмендегі мәліметтер бойынша белгілі элементтерін анықтаңдар: 1) $a=8,5$ см, $b=3,2$ см; 2) $a=2\sqrt{2}$ м, $b=3$ м; 3) $a=32$ см, $S=664,8$ см²; 4) $a=4,5$ м, $S=12,15$ м². Мақсаты: Градуспен берілген бұру бұрышының радиандық өлшемін табуды үйренеді Тиімділігі: Оқушының сын тұрғысынан ойлау дағдысы мен жазылым дағдысы қалыптасады. Саралау: Бұл тапсырмада саралаудың	Берілген тапсырма бойынша өз ойларын ортаға салып, пікірлерін білдіріп, топтық талдау жасайды. Талқылау нәтижесінде өзара бір келісімге келіп кестені толтырады.	Дескриптор: Формулань жазады 1-балл -Тік төрт-бұрыштың ауданын табады; 1-балл Бағалау: Әрбір дұрыс жауапқа 1 балл	қосымша

	«Тапсырма» тәсілі көрініс табады.		қойылады	
Сабақтың соңы. Ой толғаныс. Рефлексия 5 мин.	«Төрт сөйлем» әдісін пайдаланып сабақ бойынша түсінгенінді жаз.	Оқушылар өздерінің тақырып бойынша оқып, зерделегенін төрт сөйлем арқылы тұжырымдайды. Мақсаты: Өз ойын айтып, сабақты бекіту, қорытындылау. Тиімділігі: Оқушы алған білімін жинақтап, саралай білуге дағдыланады. Саралау: Бұл тапсырмада саралаудың «Қорытынды» тәсілі көрініс табады.	Дескриптор: Төрт сөйлем әдісі бойынша берілген тапсырманы толық орындайды. Оқушылар бір-бірінің сабаққа қатысу белсенділігіне қарай «Мадақтау сөздері» әдісі арқылы бірін-бірі бағалайды. Жарайсың!, Керемет!, Жақсы!, Талтын!.,.	8-сынып оқулығы. Шыныбеков «Атамұра» 2019

№ V00055 03.03.2024.

БАЛАБАҚШАДАҒЫ БАҚЫТТЫ КҮНДЕР!»

КАЮПОВА СӘУЛЕ ҚУАНДЫҚҚЫЗЫ

Қызылорда облысы Шиелі ауданы
«Айналайын» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

Балалармен жұмыс істеу-үлкен бақыт. Себебі тек бала ғана еш нәрсеге алаңдамай мейірімділікке сенеді, кішкентай алақанын менің алақанымға қойып, өз құпияларын айтып, маған сенім артады.

Пәк көңілді балалармен қарым-қатынас маған қуаныш, шаттық сыйлайды. Өткені мен- оларға, олар маған қажет екендігіне сенімдімін. Осы сенімнің болуы-әр тәрбиешінің бақыты.

Тәрбиеші балаға деген ыстық ықыласын бір сөзбен айтып қана қоймай, бар жүрегімен және жан тәнімен сезіне білу қажет.

Тәрбиешінің жұмысы күрделі де қызықты.

Шынымды айтсам, кейде жұмыстан үйге келгенде, қатты шаршағанымды сеземін. Бірақ сол балалармен өткізген күндерімді ой елегінен өткізе отырып, олардың ыстық ықыласы, маған қараған үмітке толы көздері, тәтті қылықтары, сәбилік шын жүректерімен айтқан сөздері есіме түскенде шаршағанымды ұмытып кетемін. Осы бір «балалар әлемінің теңізіне» бір бойласам, ешқашан өз мамандығымды өзгерткім келмейды.

Өйткені бала жаны пәк, бала тап-таза мөлдір бұлақтың бастауы сияқты. Көзін ашып, тұнығына қану үшін, тәрбиешіде жылы жүрек, аялы алақан және тәрбиешіге тән ең бірінші қасиет-баланы құрметтеу сезімі болу керек екенін түсіндім. Оның адамшылық ар-ожданын, намысын, тұлғасын жасына қарамай сыйлау, құрмет тұту.

Француз ағартушысы, жазушысы, Жан-Жак Руссоның: «Бала туғанда ақ қағаздай болып, таза туады, қағаз үстіне шимайды қалай салсаң, солай түседі, бала тәрбиесі де сол сияқты, өзің қалай тәрбиелесең, ол солай солай тәрбиеленеді» деген нақыл сөзі балабақшадағы балаларға арналғандай.

Тәрбиешінің әрбір өткізген сабағы баланың ақыл-ой парасатын дамытатындай баланың жас ерекшелігіне сай құрылса, баланың ынта-жігері артары сөзсіз.

Өзімнің еңбек жолымда әрдайым балалардың тілін, ой өрісін, тіл байлығын дамыту мақсатында ертегілерден көріністер ұйымдастырамын. Себебі бала рольде өзі ойнаса, сол кейіпкердің бойындағы барлық қасиет дағдыларын ой елегінен өткізіп саралайды. Ақылмен ойланады. Ол үшін тәрбиеші бойында асыл қасиет-ақыл, парасат болуы шарт.

Баланың ішкі жан дүниесіне жол тартқан тәрбиеші ең нәзік те мөлдір,сонымен қоса,ең күрделі де жұмбақ әлемге енеді. Осындай тынымсыз еңбектің жемісін көру үшін,тәрбиешілік жұмыс тәрбиешінің бойынан – жігерлілік пен еңбекқорлықты қажет ететінің айқын аңғардым.

Әрине,әрбір тірлікте де жігерлі еңбек етпей айтарлықтай нәтижеге жету мүмкін емес.Ал тәрбиешіде бұл қасиеттердің түп негізі жауапкершілікте дер едім.

Тәрбиеші ! Бұл –әрдайым үлкен әріптермен жазылуға тиіс мазмұнды сөз. Өйткені біз елдің ертеңгі азаматтарын тәрбиелеудеміз.Өйткені біз жас ұрпақ санасына қазыналы да бай ана тілі-қазақ тілін сіңірудеміз.

Тіл арқылы бала бойына ұлттық құндылықтарды,дәстүр мен салтты,ұлтымызға тән ізгілікті,жалпы,адамзатқа ортақ өркениет ұстанымдарын жұғысты етудеміз.

Халқымызда « еңбегі көптің өңбегі көп » деген керемет сөз бар.Демек,мен бойымдағы жастық жігерімді,күш қуатымды,жаңашылдығымды талапты әрі талантты шәкірт тәрбиелеуге жұмсауым керек.

Болашақта өз тәрбиеленушілерімді биік белестерден көріп жатсам,сол үшін өзімнің аз да болса үлесім тиіп жатса,мен өзімді бақытты ұстаз-тәрбиеші,бақытты жанмын деп білемін.

Ұрпағымызды бала кезінен ұлттық тәрбиеге баулап,салауатты өмір салтын ұстап, бойына адамгершілікті,мәдениетті,инабатты,иманды сіңіріп,өз ана тілін құрметтейтін болашақ ұрпақ тәрбиелесек,әрбір тәрбиешінің өз міндетін мүлтіксіз орындағаны деп білемін.

МАЗМҰНЫ

- *ТАРАХАНОВА КАМКА БЕКМУРАДОВНА*
- *КАРАТАЕВА КАМИЛА ДУКЕНБАЕВНА*
- *КУШМУХАНОВА ГУЛНАР АЯПҚЫЗЫ*
- *СҮГІРОВА УЛМЕКЕН ӘДІЛБЕКҚЫЗЫ*
- *КАЮПОВА СӘУЛЕ ҚУАНДЫҚҚЫЗЫ*